

Шоева Лаура Оралбековна

Қарағанды индустриялық университеті

ТАРИХИ ТҰЛҒА ХАН АБЫЛАЙ - ЖЫР АРҚАУЫ

Тарих тарланбозы, академик Манаш Қозыбаев өзінің тарихты зерттеу ғылыми еңбегінде: «Абылай хан! Бұл есімді атағанда, барша қазақ атаулының жадына бостандық, егеменді ел, қазақ халқы туған жер, Отан, ел бірлігі, ел ынтымағы сияқты қасиетті ұғымдар оралады». Қазақ тарихында көптеген қол бастаған батырлары мен сөз бастаған Бұқар жыраудай ақын-жыраулары Абылай хан бейнесін өз поэзияларында арқау етті. Поэзия, тарихи жырлар - өнердің көне түрі. Адам өмірінің қат-қабат қыры мен сыны, қуанышы мен қайғысы, арманы мен мұраты – баршасы поэзияда барлық бояуымен, сан қилы ою - өрнегімен көрініс табады. Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы ақын-жыраулардың өз заманын арқау еткен өлең-жырлары болып саналады. Жыраулар Абылай заманындағы халықтың өмір тіршілігі, мінез - құлық өлшемі мен дүниеге көзқарасы сол дәуірдің рухы бейнеленеді. Абылай хан елдің ауызбірлігін сақтап, халқымыздың басын қосуда, қазақ жерін шапқыншылардан қорғап қалуда, Ресей, Қытай мемлекеттерімен достық қарым - қатынас орнату арқылы қазақ хандығының тәуелсіздігі мен елдігін сақтауда, жалпы қазақ мәмілегерлігінде аса зор қызмет атқарған.

Өмірі ауызбірліктің, елдіктің, ерліктің, еркіндіктің қайнар көзіндей болғандықтан, Абылай есімін жыраулар жырға қосып, ханның бойында қасиеттері болғандықтан жалғаны жоқ қадір-құрметке бөленген еді:

Кезіп жүріп жасынан

Аралапты көп жерді

Көп іс өтіп басынан

Көп тыңдапты мұң-шерді

Жыраулардан тыңдапты

Шежіресін алаштың

Көкірегіне жинапты

Тарихын көп таластың,- деп бекер айтылмаса керек.

Көзі тірісінде - ақ аты аңызға айналып, шуақты күні мен қарлы - бораны аралас, аумалы - төкпелі заман ағымына қарай, үш ғасыр бойы елдіктің, ерліктің, тәуелсіздіктің, ауызбірліктің туындай болып, халықтың сана-сезіміне ұялады. Сол себептен де разы болған қазақ халқы оны жүрегінде сақтады, бейнесіне көлеңке түсірмеді, енді, міне, оның алып тұлғасы ортамызда, төрімізде отыр.

«Сол күнде ел қорғаған Абылайдың, қылсаң да аз қанша тауап моласына», деп қайран Мағжан ақын айтса айтқандай. Болашақ Абылай ханның азан шақырып қойған аты Әбілмансұр. Ол Салқам Жәңгір ханның ұрпағы Көркем Уәли сұлтанның шаңырағында дүниеге келді. Ал енді арғы тегі Шыңғыс хан, Жошы хан, Орыс хан, Әз Жәнібек хандарға барып тірелетіні де ақ таңдай ақиқат. Балалық шағы от пен жалынның, қайғы мен қасіреттің, өлім мен өмірдің ортасында өтті.

XVIII ғасырдың 30-жылдарының аяғында Абылай есімі бізге белгілі құжаттарда Әбілмәмбет ханмен қатар аталады. Орыс тарихшысы А.Левшин: «1739 жылы Орта жүзде Сәмеке ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбетпен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген» деп жазды. Шоқан Уәлиханов та осы пікірді қолдайды. 1738-1741 жылдары Абылай хан бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы берді. Орталық Азиядағы ахуалды, әскери іс пен саяси жағдайды анық байыптаған Абылай қалмақ басқыншылығынан құтылу мәселесін бірінші кезекке қояды. Сырттан ешқандай көмек жоғына көз жеткен. Діні бір, тілі туыс, тілегі де орайлас болуға тиіс Орта Азия хандықтары қазақтарға қол ұшын бермейді, дәл іргесіне келіп, лықып тоқтаған қалмақтарға сес көрсетуге де жарамайды, қайта өз бауырларының шалғайына жармасып, әлсіреген қазақ хандығының құйқалы қонысынан енші алып қалуға тырысады. Ал

сырттан иеленіп, қазақтарды өзіне бодан санай бастаған құдіретті Ресей мемлекеті сол халықты қырып-жойып бара жатқан жоңғарға қарсы бес солдат шығармайды, бір дүркін оқ атпайды. Сондықтан Абылай туған халқының қажыр-қайратына ғана сенеді. Жұртты жауға қарсы жұмылдырып, Орданың әскери қуатын арттырады. Өмірзақ Озбанбаев.

Қазақтың көптеген жыр-дастандарында кемеңгер Абылай хан бейнесі сомдалады:

Ертеде өткен Абылай
Қазақтарға хан болған.
Есіткендер елеулеп
Көрген адам таң болған
Пысықтарды түзетіп
Оғаштарды мінетіп
Төресі әділ жан болған
Ханға серік жақын боп
Қатарын түзеп сән болған
Сол уақытта Абылай
Салтанатын түзеткен
Алтыннан жабдық безеткен
Сөзді сөйлеп жүйеден
Мәдет сұрап иеден
Ерлердің жолын күзеткен. (Қашқынбай ақынның дастанынан).

Иә, Абылай туралы жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер басқа хандармен салыстырғанда мейлінше көп сақталған. Бірнешеуін жазып алуға ұлы Абай да қатысыпты. Қолжазба қорында Абайдың өз аузынан естігенім деп Мұсылманқұл Жиреншин тапсырған «Абылайдың Әйтеке жырықпен соғысуы» атты әңгіме бар. Көкбай ақынға тапсырма беріп «Сабалақ» поэмасын да жаздырған Абай.

Аңыз-әңгімелердің бәрінде де Абылайдың түр-түсінен тегін адам емес екендігі білініп тұрады. Сол аңыздарда ол алты күн аш жүрсе де кір

ыдыстан тамақ ішпейді. Алдына келген дәмнен жолдастарымен бөліседі. Жай жерге отыра салмайды, астына тақ қылып күпісін төсейді деп сипатталады. Мұның астарында Абылайдың көрген тәрбиесі жатыр. Хан сарайында қалыптасқан әдет, дәстүр бойынша ханзада-ханшалар жеті жұрттың тілін білген, қалай жүріп-тұруды, әдепті болуды, мәнерлі сөйлеуге үйренген. Егер Абылай кір ыдыстан тамақ ішпесе, үлкендердің алдынан аттап өтпесе, бірнеше тілде сөйлей білсе, бұл туа біткен қасиет емес, 10 жасқа дейін алып үлгерген тәрбиенің жемісі еді.

Үйсін Төле биге байланысты бір аңыз әңгімеде Абылайдың ұйықтап жатқан кезі былай дәріптеледі. Ұйықтағанда түсі жап-жарық болып тұрады, шамшырағы бар сияқты. Екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберіп, төрт тағандап, көрген тәстіктей болып керіліп жатады екен. Мұнысы: «Қолым жеткенше ұстаймын, аяғым жеткенше барамын, дүниенің төрт бұрышын тіреп тұратын ұлымын», дегені дейді. Бұл аңыз да ақиқатқа айналғанын біз білеміз.

«Оқыған білмейді, тоқыған біледі» дейді халық. Абылайдың зерделі, ойлы азамат болып қалыптасуына заманының атақты кемеңгер ұлдарының ықпал еткендігі күмән келтірмейді.

Мақаламызды заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың Абылай хан туралы жазған пікірімен қорытындылаймыз: «Қазақтың дербес ел болуына, әрі – беріден соң, қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тарихи жырлар. Алматы, Білім 2018ж.
2. Аманжол Қорғанбек. Шот-Аман Уалихановпен сұқбат. Абылай: Көне шындыққа жаңа көзқарас. Егеменді Қазақстан. 5.10.2013.
3. Озғанбаев Ө. Атыңнан айналайын хан Абылай. Айқын газеті. 5.10.2013.